ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы педагог қызметкерлермен 25 тамыз 2023 жылы өткен педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 1

Қатысуға тиіс 10
Қатысқаны 10

Күн тәртібіндгі мәселелер:

1.Жазғы сауықтыру мерзіміндегі балабақша ұжымының жұмысының қорытындысы Қ.Тажмағанбетова. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы. А.Ембергенова.

Хабарламашы балабақша меңгерушісі А.Embергенова.

2.Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Нормативтік құжаттармен таныстыру.

Әдістемелік хат 2023-2024

Стандарт 03.08.2022 №348 бұйрық

Бағдарлама 12.08.2016 №499 бұйрық

2.Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы және балабақша жұмысының жылдық жоспарын талқылау және бекіту. А.Embергенова

1.2023-2024 жылындағы міндеттер мен бөлісу.

2.Педагогтардың песпективалық жоспарларын, циклограмма, күн тәртібін бекіту.

3.Заттық кеңістік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар мен жас топтары бойынша дамытушы ортаны ұйымдастыру.

Тыңдалды :

1.Күн тәртібінің мәселе бойынша балабақша әдіскері З.Берікқызы, балабардың жеке тұлғасын дамыту бойынша дене тәрбиесі, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық дамуына қажетті алғы шарттарды жасау, бұрыштар ұйымдастыруға көңіл бөлу керек. Осы мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Матенова өз топтарындағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға тоқталады. Жазғы сауықтыру мерзіміндегі балабақша ұжымының жұмысының қорытындысын жасады.

2.Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша нормативтік құжаттармен таныстырлды. Мектепке дейінгі ұйымдар басшылыққа алатын нормативтік құқықтық актілермен таныстырылды.
Балабақша меңгерушісі А.Embергенова 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспар жобасымен таныстырып, талқыланып бекітілді.
2023-2024жылындағы міндеттер қызметкерларге бөлініп берілді.
Педагогтардың перспективалық жоспарлары, циклограмма, күн тәртібі бекітілді.

3.Осы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Embергенова Заттық кеңістік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптармен таныстырып өтті. Жалпы талаптар:

- Қауіпсіздік

- Қолжетімді
- Әртүрлі
- Мазмұнды
- Көп ауқымды
- Өзгермелі
- Тартымдылығына көңіл аударып орталық эстетикалық тақырып бойынша баланың жас ерекшелігіне сай жасалуына көңіл бөлді.

Педагогикалық кеңестің
шешімі бойынша

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы педагогикалық кеңесі қаулы етеді.

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану.
- Әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жүргізу.
- Топтардағы «Заттық кеңістік орта» көрсеткіші бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.
- Педагог кадрлердің күнделікті қызметінде нормативтік актілерді басшылыққа алынсын
- Жылдық перспективалық жоспар, циклограмма күн тәртібі бекітілсін.
- 2023-2024 оқу жылындағы жылдық жоспар бекітіліп басшылыққа алынсын.

Төрайымы – А.Ембергенова – меңгеруші

Мүшелері - З.Берікқызы - әдіскер
Г. Абенова – тәрбиеші

Жаздық сауықтандыру мерзіміндегі жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп табылсын.

Педкеңес төрайымы: **А.Е.Ембергенова**

Педкеңес хатшысы: **З. Берікқызы**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы педагог қызметкерлермен 28 қараша 2023 жылы өткен педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 2

Қатысуға тиіс 10
Қатысқаны 10

Күн тәртібіндгі мәселелер:

1. Қоршаған ортамен таныстыру арқылы балалардың тілін дамыту тәрбиеші Г.Абенова есебі. *(есеп қоса тігілсін)*
2. Педагогикалық қобдиша:
«Балаларға экологиялық және патриоттық көзқарастарын қалыптастыру ісінде әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдану жолдары А.Матенованың есебі. *(есеп қоса тігілсін)*
3. «Ұлттық тәрбиенің түп қазығы-ұлттық құндылық» ересектер тобында жүргізілген жұмыстар туралы тәрбиеші З.Берікқызының есебі. *(есеп қоса тігілсін)*
4. Құстар біздің досымыз «Әкелер мектебінің отырысынан» хабарлама Г.Абенова

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ересектер тобының тәрбиешісі Г.Абенова қоршаған ортаның бала тілін дамыту іс-тәжірбиесімен таныстырып өтті. Табиғат дауысы, табиғат құбылыстары жануарлар әлемі, айнала қоршаған дүниедегі ерекшеліктер, арнайы бұрыштар ұйымдастырып оған қажетті көрнекіліктер жинақтап күнделікті ҰІӘ, серуен, ойын кезінде кеңінен пайдаланады. Осы мәселе бойынша тәрбиешілер А.Матенова, Ж.Елеусізова өз топтарындағы жүргізілген жұмыстар жөнінде іс-тәжірбиелерін ортаға салды.

Шешім етті.

1.Ересектер тобында бала тілін дамыту, сөйлей білуге ұйымдастыру үшін дамытушы орталыққа көрнекіліктер, мақал-мәтел, картиналарды жинақтап, картотека жасау. Балаларға ҰІӘ кезінде балаларды үйлестіріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорды байту мақсатында мақал-мәтел, ертегілер , қазақ балалар ақындарының шығармаларын кеңінен пайдалану.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Матенованың топта ұйымдастырылған педагогикалық қобдиша әдіс-тәсілдерінен хабарлама жасады. Адамгершілік, патриоттық, экологиялық тәрбие беру, балалар

мен ата-аналар бірлесе өткізген ашық сабақ, экскурсия, ашық есік күндер, топ бөлмелерінде көрмелер, жылжымалы папкалар арқылы кеңестер беру тұрақты түрде өткізілген атап айтқанда, Конституция күні, рәміздер күні, Менің Қазақстаным, Созақ елі, жері туралы ертеңгіліктер. «Менің сүйікті ақыным», Мен шырқайтын әсем ән т.б мәселелер қамтылған. Балабақша жанындағы учаскеде, гүлдер, ағаштар отырғызу балалармен бірге күту баптау жұмыстары жүргізіліп, экологиялық тәрбиеге көп көңіл бөлінген. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Ембергенова әрбір топта педагогикалық қобдишалар ұйымдастырылып оған түрлі әдіс-тәсілдер, тәрбиелік мәні зор идеялар педагогтың кәсіби құзіреттілігінің жиынтығы. Мысалы-тәтті армандау, «Ұлттық ойын қобдишасы», «Ата-аналарға қобдишалар ұйымдастырылу қажет. Тәрбиешілір Г.Абенова, Т.Аппазова Ж.Елеусізовалар өз топтарында атқарылған жұмыстарына есеп берді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша шешім етті.

2.Жаңашыл педагогика мен әдіс тәсілдерді күнделікті ҰІӘ басшылыққа ала отырып, мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне, нормативтік құжаттар, нормативтік құқықтық құжаттарды басшылыққа алу.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Берікқызы Зинат Біртұтас ұлттық тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстарды атап өтті, «Ұлттық тәрбиенің түп қазығы-ұлттық құндылық» жұмыс жоспарына сай топта ұлттық құндылықтарды таныстыру бұрыштары, «Кітап біздің досымыз», «Ұлттық құндылықтар керуені», мобильді кітапхана, ұлттық ойындар т.б бұрыштар жасалынып баланың ҰІӘ еркін ойнауына жағдай жасалынған. Балаларға саусақ маторикасын дамытуға, асық ойындары, бестемше, нейро жаттығуларға арналған бұрыштар жасалған.

Балабақша меңгерушісі А.Ембергенова Г.Абенованың есебі қанағаттандырылсын. Матенованың педагогикалық қобдишаға арнайы іс-жоспар жасалынып бекітілсін. Біртұтас тәрбие бойынша жұмыстарды жандандыру жоспарлы түрде жүргізуді қолға алу, әжелер, әкелер, аналар мектебі жоспарға сәйкес дер кезінде өткізу

Педкеңес төрайымы: **А.Е.Ембергенова**

Педкеңес хатшысы: **З. Берікқызы**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы педагог қызметкерлермен 29 ақпан 2024 жылы өткен педагогикалық кеңестің

Хаттамасы № 3

Қатысуға тиіс 10
Қатысқаны 10

Күн тәртібіндгі мәселелер:

1.Біртұтас тәрбие беру бағдарламасының іске асыру кезінде балаларға эстетикалық тәрбие беру бойынша педагогтің балалармен бірлескен қызметінің үзінділері бейнелі очерк тәрбиеші Берікқызы Зинат
2. Тақырыптық бақылаудың қортындылары барлық топтар бойынша: «Заттық-дамытушы ортаны жабдықталуы» А.Ембергенова тексеру қортындысы.
3.Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлеме педагогикалық шеберлік конкурсы.

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Берікқызының бейнелі очеркі көрсетіліп, жүргізілген жұмыстарға есептері берілді және ішінде балалармен біршама жұмыстар жүргізілген атап айтқанда «Асық» ойындары, «аналар», «әкелер мектептерінің» отырысында конкурс, кім жылдам тақырыбында жарыстар өткізіліп, балалардың белсенді түрде қатысуына жағдай жасалынған. Бөлмеде «қылқалам шеберлерінің» картиналары жинақталып, шеберлік сағаттары өткізілген.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп,әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.
Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.
Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:
— қауіпсіз;
— қолжетімді;
— әртүрлі;
— мазмұнды;
— көп атқарымды;

— өзгермелі;

— тартымды.

Л.И. Фалюшина: білім берудің сапалы болу жолдарын, қатысушылардың атынан мына сөздермен түсіндіреді.

Балабақшада берілетін тәрбие — барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан-жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Мектепке дейінгі жастағы адамгершілік-патриоттық тәрбие дегеніміз — баланың моральдық қасиеттерін белгілі бір мақсатқа бағыттап қалыптастыру. Адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу арқылы моральдық түсініктердің, әдеттердің және мінез-құлық мотивтерінің қалыптасуы бірлесіп жүзеге асады және мектепке дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етеді. Адамгершілік-патриоттық тәрбие бойынша үздік әзірлеме педагогикалық шеберлік конкурсы өткізіліп қортындыланды.

Педкеңес төрайымы: **А.Е.Ембергенова**

Педкеңес хатшысы: **З. Берікқызы**

ЖШС «Шұғыла» бөбекжай-бақшасы бойынша
Педагогикалық кеңес
хаттамасы №4

24 мамыр 2024 жыл

Педкеңес төрағасы: А.Ембергенова- меңгеруші
Педкеңес хатшысы: Берікқызы З. - тәрбиеші

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты: оқу жылын қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау. Қатысқандар: 10

Күн тәртібі

1. №3 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы. (меңгеруші)
2. №4 педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылау нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау».
3. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есеп. (әдіскер)
4. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру. (мейірбике)
5. 2023-2024 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін, өтпелі тақырыптарды бөлу. (әдіскер).

Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші

№3 педагогикалық кеңес шешімінорындау тұрақты түрде жүргізілуде.**Шешім бірауыздан қабылданды.**

Екінші мәселе бойынша меңгеруші«Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»тақырыбындағы педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылаудың нәтижелерін ұсынды.

Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды: жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

Қатысушылар ұсыныстыбірауыздан мақұлдады.

Үшінші мәселе бойынша

Меңгеруші "Шұғыла" бөбекжай-бақшасы өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін ұсынды Тәрбиеші Ж.Матенова «Балабақша қызметіне қанағаттану» тақырыбы бойынша ата-аналардың сауалнамасына талдау жасады; меңгеруші педагогикалық кеңестің шешіміне: өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу

жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2023-2024 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

Қатысушылар ұсыныста бірауыздан мақұлдады.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер З.Берікқызы 2023-2024 оқу жылында даму бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есебімен таныстырды, алынған нәтижелер негізінде 2024-2027 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісуді педагогикалық кеңестің шешіміне шығаруды ұсынды. Даму бағдарламасын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың құрамы бекітілсін. 2023-2024 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне бағдарлама жобасы бекіту үшін ұсынылсын.

Қатысушылар ұсыныста бірауыздан мақұлдады.

Бесінші мәселе бойынша мейірбике Ж.Бектібаева қатысушыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ауа, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Педагогтер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өсіп келе жатқан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Меңгеруші жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

• «Сәби мектебі» мектепалды даярлығының қысқа мерзімді курстарын іске асыру барысында болашақ бірінші сынып оқушыларының бастауыш мектепте оқуға дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдай жасау.

Меңгеруші педагогикалық кеңес шешімінің жобасын жариялады. Оны талқылап, толықтырғаннан кейін шешім қабылданды:

1. Жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

2. Өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2023-2024 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

3. Алынған нәтижелер негізінде 2023-2024 жылдарға арналған даму бағдарламасын құруға кірісу. Даму бағдарламасын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топтың құрамы бекітілсін. 2024-2025 оқу жылының №1 педагогикалық кеңесінде бекіту үшін бағдарлама жобасын ұсыну.

4. Жазғы кезеңде балалармен жұмыс келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталсын:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдайлар жасау.

5. 2024 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

- - Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:

- Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
- Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

Педкеңес төрайымы: **А.Е.Емберген**ова

Педкеңес хатшысы: **З. Берікқызы**